

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ**



**«БУЛЛИНГТІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ:  
ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

**22 мамыр, 2024 жыл**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
«АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ БУЛЛИНГА:  
ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА»**

**22 мая, 2024 года**

**АСТАНА**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ**

**ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ  
ПЕДАГОГИКА КАФЕДРАСЫ**



**«БУЛЛИНГТІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

**22 мамыр, 2024 жыл**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
«АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ БУЛЛИНГА: ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА»**

**22 мая, 2024 года**

**Астана  
22 мамыр, 2024 ж.**

**УДК 159.922.7**

**ББК 88.8**

**Б 83**

**Бас редактор/главный редактор:**

**Асылбекова М.П.** – педагогика кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор (заведующая кафедрой педагогики, к.п.н., профессор)

**Б 83** «Буллингтің өзекті мәселелері: теория және практика» халықаралық ғыл.-прак. конф. материалдар жинағы (22 мамыр, 2024 жыл) = Сборник материалов межд. науч.-прак. конф. «Актуальные вопросы буллинга: теория и практика» (22 мая, 2024 года). / Бас ред./гл. ред.: Асылбекова М.П./ – Астана: «Бұлатов А.Ж.» ЖК, 2024. – 468 б. (с.)

**ISBN 978-601-326-780-7**

Жинаққа Қазақстан және шетел ғалымдарының, ЖОО оқытушыларының мектеп мұғалімдерінің, студенттер, магистранттар, докторанттардың мақалалары енгізілген.

В сборник включены статьи казахстанских и зарубежных ученых, преподавателей вузов, школьных учителей, студентов, магистрантов, докторантов.

BR18574152 «Балаларға қатысты буллингтің алдын алу шараларын әзірлеу және оның өзекті аспектілерін зерттеу» тақырыбындағы 2023-2024 жылдарға арналған бағдарламалық мақсатты қаржыландыру жобасы аясындағы «Буллингтің өзекті мәселелері: теория және практика» халықаралық ғылыми-практикалық конференция.

**УДК 159.922.7**

**ББК 88.8**

**ISBN 978-601-326-780-7**

© «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ, 2024

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

|                            |                                                                    |
|----------------------------|--------------------------------------------------------------------|
| <b>Сомжүрек Б.Ж. –</b>     | ғылыми семинар төрағасы, әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы; |
| <b>Асылбекова М.П. –</b>   | педагогика кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор;            |
| <b>Атемова К.Т. –</b>      | педагогика ғылымдарының докторы, профессор;                        |
| <b>Сейітқазы П.Б. –</b>    | педагогика ғылымдарының докторы, профессор;                        |
| <b>Шалғынбаева Қ.Қ. –</b>  | педагогика ғылымдарының докторы, профессор;                        |
| <b>Албытова Н.П. –</b>     | педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;                      |
| <b>Сламбекова Т.С. –</b>   | педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;                      |
| <b>Шолпанкулова Г.К. –</b> | педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;                      |
| <b>Жубакова С.С. –</b>     | педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;                         |
| <b>Жукенова Г.Б. –</b>     | педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;                         |
| <b>Махадиева А.К. –</b>    | философия докторы (PhD), доцент м.а.                               |
| <b>Балтабаева Ж.Б. –</b>   | магистр, аға оқытушы                                               |

## ЧЛЕНЫ ОРГКОМИТЕТА:

|                            |                                                                   |
|----------------------------|-------------------------------------------------------------------|
| <b>Сомжүрек Б.Ж. –</b>     | председатель научного семинара, декан факультета социальных наук; |
| <b>Асылбекова М.П. –</b>   | заведующая кафедрой педагогики, к.п.н., профессор;                |
| <b>Атемова К.Т. –</b>      | доктор педагогических наук, профессор;                            |
| <b>Сейітқазы П.Б. –</b>    | доктор педагогических наук, профессор;                            |
| <b>Шалғынбаева Қ.Қ. –</b>  | доктор педагогических наук, профессор;                            |
| <b>Албытова Н.П. –</b>     | кандидат педагогических наук, профессор;                          |
| <b>Сламбекова Т.С. –</b>   | кандидат педагогических наук, профессор;                          |
| <b>Шолпанкулова Г.К. –</b> | кандидат педагогических наук, профессор;                          |
| <b>Жубакова С.С. –</b>     | кандидат педагогических наук, доцент;                             |
| <b>Жукенова Г.Б. –</b>     | кандидат педагогических наук, доцент;                             |
| <b>Махадиева А.К. –</b>    | доктор философии (PhD), и.о. доцента.                             |
| <b>Балтабаева Ж.Б. –</b>   | магистр, ст. преподаватель.                                       |

## ОТБАСЫНЫҢ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ВИКТИМДІК МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫНА ӘСЕРІ

**Мурзагулова Мейрамкул Дауренбековна**

*miraulan70@gmail.com*

*Л.Н. Гумилев атындағы Евразиялық Ұлттық университетінің  
«8D01801- Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының  
3 курс докторанты, Астана қаласы*

**Турегельдиева Акжаркин Серикбаевна**

*Аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті,  
Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті, Алматы қаласы*

**Аннотация.** Балалардың мінез-құлқына ең бірінші отбасындағы жағдай әсер етеді. Отбасындағы тәрбие баланың күллі өмір сүру дағдысында психологиялық жағдайына елеулі рөл атқарады. Кейбір отбасындағы қатыгездік пен дөрекілік баланың психологиясына кері әсерін тигізіп, бала бойында виктимді мінез-құлық қалыптасуына ықпал етеді. Мақалада отбасы мүшелерінің, құрдастарының және мектептегі сыныптастары мен мұғалімдердің баланың қоғамда қалыптасуына тигізетін әсері зерттеледі.

**Annotation.** The family has always been at the center of attention in matters of child victimization, and one of the most striking examples is the parenting style. Research shows that some parenting styles are associated with child abuse, and therefore suggest that parenting programs can be effective in reducing child victimization. This study makes a significant contribution to the current debate about the victimization of children and adolescents by peers, family, and schoolteachers.

**Түйін сөздер:** виктимділік; отбасы; жасөспірімдер; тәрбие; қиянат.

**Key words:** victimization; family; teenagers; upbringing; abuse.

Цифрлы қоғамдық қатынастардың күрделенуіне байланысты жеке тұлғаның әлеуметтенуінде түрлі өзгерістер орын алуда. Жеке тұлғаның виктимизациясының себептері де әртүрлі. Кез келген виктимология мәселесінде ең алдымен виктимизация процестеріне алып барушы себептерді анықтап алуды қажет етеді. Міне осы тұрғыдан алғанда виктимизация факторларын ғылыми деңгейде танып, білу және оған ғылыми шолу жасау аса маңызды.

Виктимизация факторлары - бұл белгілі бір адамды қылмыстың құрбанына айналдыру процесін анықтайтын немесе аталған процесті жүзеге асыруға қандай да бір жолмен ықпал ететін адамдар мен қоғам өміріндегі жағдайлардың жиынтығы.

Әлеуметтік педагог әлеуметтік-қоғамдық мәселелер бойынша жұмыс жасау барысында түрлі деңгейдегі виктимді жеке тұлғаларымен жұмыс жасайды. Оларды оңалту немесе түзету мәселесін кеңінен түсіну үшін ең алдымен олардың не себепті виктимизацияға ұшырауының себептеріне үңілуі керек. Әрине, виктимизация себептерін анықтауға түрлі әдістерді қолдануға

болады. Виктимизация себептерін анықтаудың бір әдісі ретінде факторлар қарастырылады. Виктимизация факторларына байланысты зерттеушілердің еңбектері қарастырылды. А.В. Мудрик, М.Г. Петрина әлеуметтік педагогикада виктимологияның функцияларына [1], К.В. Вишневецкий әлеуметтік факторларға мән берсе [2], Г.Ф. Биктагирова, Р.А. Валеева, А.Р. Дроздикова-Зарипова, Н.Н. Калацкая, Н.Ю. Костюнина сияқты авторлар тобы виктимизация факторларын мәдени, әлеуметтік, психологиялық, құқықтық тұрғыдан кеңінен қарастарды[3]. А.В. Мудрик ұсынған әлеуметтік-педагогикалық виктимология тұрғысынан виктимизацияның объективті факторлары тоқталса [4], ал Д.В. Ривман жеке тұлғадағы виктимизацияның субъективті факторларын жіктейді[5]. Е.В Руденский объективті және субъективті факторларына салыстырмалы тұрғыдан зерделейді[6] және де басқада ғалымдардың көзқарастарына салыстырмалы талдау жасалды. Е.С. Фоминых өтпелді қоғам жағдайындағы жеке тұлғаның виктимизация факторларының субъективті ішкі және сыртқы себептерін, қарастырады[7]. Сонымен бірге басқа да ғалымдардың еңбектеріндегі виктимизацияның факторлары зерттеледі.

А.В. Шаболтас, К.Н. Аракелян сияқты ғалымдар виктимизация факторы ретінде *отбасындағы жағдайларға* баса назар аударады.

Пассивті виктимді мінез-құлқының факторы әдістемесін қолдану арқылы алынған ықтимал құрбандықтың отбасы ішілік сипаттамаларын зерттеу нәтижелерінің факторлық шешімі 4 негізгі фактормен ұсынылған:

1) «Тұлғааралық қатынастардағы қанағаттану факторы» («қарым-қатынасқа қанағаттану», «ынтымақтасу», «жұбайға деген ізгі ниет», «қабылдау», «эмпатия», «шешім қабылдау», «эмоционалды қашықтық», «жанжал» айнымалыларын қоса алғанда) жасөспірім мен оның ата-анасы арасындағы жақсы эмоционалдық байланыс пен жоғары сапалы қарым-қатынастың болуын, олардың сүйіспеншілік пен ілтипат көрсетуін, баланың сезімдері мен жағдайын түсінісе білуі.

2) «Баланың қажеттіліктерін қанағаттандыру факторы» («жазалауды жүзеге асыру және сыйақы беру», «өз бетінше жұмыс істеуді ынталандыру», «баланың қажеттіліктерін қанағаттандыру», «бала бейнесінің сәйкессіздігі») ұсынылатын бағалау әсерлерінің сапасы мен санын, баланың қажеттіліктерін қанағаттандыру өлшемін, оның ішінде жауапкершілікті жасөспірімге беру арқылы біріктіреді.

3) «Ата-аналық бақылау факторы» («авторитаризм», «талап қоюшылық», «бақылау», «бақылау» және «ата-аналық белгісіздік») жалпы алғанда көпөлшемді түрде жарияланған билік пен бақылау жүйесінің ерекшеліктерінің болуын көрсетеді. Ата-ана жасөспірімнің істері мен мүдделерін білуіне мүмкіндік берсе, екінші жағынан ата-аналардың тәрбиелік күш-жігерінің дұрыстығына жасөспірімнің күмәндануы;

4) «Отбасының эмоционалдық климатының факторы» («ата-анасының бір-бірімен тату болмау» және «жұбайына деген өшпенділік»), бұл ата-ананың тәрбиелік тәжірибесіндегі келіспеушіліктермен байланысты болуы

мүмкін. Бұл жағдай ата-аналардың тәрбиелеу әдістерінің өзгермелілігі мен тұрақсыздығын көрсетеді[8].

Зерттеушілер К.И. Юров пен И.А. Юров виктимді мінез-құлықтың қалыптастыруда отбасылық және мектептегі тәрбие факторларына үлкен мән беріледі.

Отбасылық және мектептегі тәрбие факторлары:

1) отбасы мен мектептің балаға қоятын талаптары және де одан күтілетін жоғары деңгейі;

2) баланың шамадан тыс жүктемесі (көп функционалды жүктеме (мектеп, музыка, спорт, студиялар, тілдер);

3) баланы «артық құндылық» ретінде тәрбиелеу (сен біз қол жеткізген немесе қол жеткізгіміз келген нәрсеге жетуіңіз керек)»;

4) гиперэлеуметтену түріне сәйкес тәрбиелеу («баланың өзі – толық еркіндік» немесе гипоэлеуметтену (баланы қазіргі өмір шындығынан қорғау үшін немесе «Мен сияқты істе» қағидасы бойынша)»[9].

Жасөспірімнің жеке басын қалыптастыру көптеген сыртқы және ішкі факторларға байланысты күрделі және көп қырлы процесс. Осы факторлардың ішінде жасөспірімнің негізгі элеуметтік ортасы болып табылатын және оның негізгі құндылықтарын, көзқарастары мен мінез-құлық үлгілерін анықтайтын отбасылық орта ерекше әсер етеді. Ерекше назар аударуды және зерттеуді қажет ететін маңызды аспектілердің бірі-отбасының жасөспірімдердің виктимді мінез-құлық қалыптастыруға әсері. Жасөспірімдердің виктимді мінез-құлық оларды әртүрлі зорлық-зомбылыққа, үстемдікке немесе манипуляцияға осал ететін жағымсыз мінез-құлық көріністерінің кең ауқымын қамтиды.

Жасөспірімдердің виктимді мінез-құлық қалыптастыруға отбасының әсерін зерттеу өзекті және маңызды міндет болып табылады, өйткені бұл әсерді түсіну қауіпті жағдайлардан жасөспірімдерді алдын алу және оларға көмектесудің тиімді стратегияларын жасауға мүмкіндік береді. Отбасы динамикасының әртүрлі аспектілерін және ата-аналық мінез-құлық үлгілерінің жасөспірімдерде виктимді мінез-құлық үлгілерін қалыптастыруға әсерін талдау, жас ұрпақтың толыққанды дамуына ықпал ететін қоғамда салауатты және қауіпсіз ортаны құру үшін маңызды.

Қазіргі қоғамда жасөспірімдердің салауатты және үйлесімді дамуын қамтамасыз ету психологтар, элеуметтанушылар және балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі мамандар жұмысының басым бағыттарының бірі болып табылады. Отбасы жасөспірімнің жеке басын қалыптастыруда негізгі рөл атқарады және оның мінез-құлық үлгілерін, психологиялық әл-ауқатын және қоғамға бейімделу қабілетін анықтайды. Алайда, барлық отбасылар жасөспірімдерге тұрақты және қауіпсіз ортаны қамтамасыз ете бермейді. Кейбір жағдайларда отбасы стресстің, қақтығыстардың, агрессияның және зорлық-зомбылықтың көзі бола алады, бұл өз кезегінде жасөспірімдерде виктимді мінез-құлық бейімділігіне әкелуі мүмкін. Жасөспірімдердің виктимді мінез-құлық бағыну, пассивтілік, өзін-өзі бағалаудың төмендігі,



қақтығыстар мен доминантты тұлғалардан қорқу сияқты көптеген жағымсыз мінез-құлықтарды қамтиды. Жасөспірімдердің виктимді мінез-құлықын қалыптастыруға отбасылық ортаның әсерін түсіну осы құбылысқа қатысты мәселелерді шешуге көмектесетін тиімді алдын алу шараларын әзірлеу үшін өте маңызды. Бұл тұрғыда отбасылық қақтығыстар мен зорлық-зомбылықтың теріс әсерін ғана емес, сонымен қатар жасөспірімдерде салауатты психологиялық көзқарастарды қалыптастырудағы мінез-құлық, эмоционалды қолдау, қарым-қатынас және білім беру контекстінің рөлі ғана емес, сонымен бірге ата-ананың педагогикалық мәдениет деңгейін көтеруді де ескеру қажет.

Бүкіл әлемде отбасындағы балаларға қатысты зорлық-зомбылық жиі кездеседі. Көбінесе балаларға қатысты зорлық-зомбылықты оның жақын туыс адамдары жасайды: ата-анасы, биологиялық емес ата-анасы, бауырлары, ата-әжесі, сондай-ақ басқа туыстары. Балалар сонымен қатар отбасының басқа мүшелері арасында болатын зорлық-зомбылықтың жанама құрбаны да болады. Отбасында зорлық-зомбылыққа тап болған балалардың әлеуметтік және эмоционалды проблемаларды дамыту қаупі жоғары; физикалық және психикалық даму проблемалары; оқудағы қиындықтар; және әдетте мектептегі үлгерімі төмен. Олар сондай-ақ өзін-өзі бағалаудың төмендігімен, мазасыздық пен депрессиямен сипатталуы мүмкін, бұл қауіпті мінез-құлыққа (мысалы, есірткі мен алкогольді қолдану) және суицидке бейімділікке әкелуі мүмкін.

Дәл осы фактордың нақты аналитикалық есептерімен түсіндіру үшін 2017 жылы Астана қаласында жарық көрген «Насилие в отношении детей в семьях в Казахстане: исследование знаний, отношения и практики. Краткий аналитический отчет» атты статистикалық еңбегінде келтірілген мәліметтерге сүйене отырып зорлық-зомбылық виктимдік іс-әрекеттің бастауы екенін көрсетеміз [10].

Отбасындағы зорлық-зомбылықтар салдары:

1. Эмоционалды салдары: психологиялық зорлық-зомбылық жасөспірімдерде мазасыздық, депрессия, төмен сияқты эмоционалды жарақаттар тудыруы мүмкін өзін-өзі бағалау, дәрменсіздік және пайдасыздық сезімі. Үнемі қорлау, қорқыту, қорқыту және психологиялық зорлық-зомбылықтың басқа түрлері ауыр психологиялық проблемаларға әкелуі мүмкін.

2. Әлеуметтік оқшаулану: психологиялық зорлық-зомбылықтан зардап шегетін жасөспірімдер өздерін оқшауланған және құрдастарынан бас тартқан сезінуі мүмкін. Олар қарым-қатынастан аулақ бола алады, өзін-өзі ұстай алады, басқа адамдарға деген сенімін жоғалтады және одан да көп зорлық-зомбылықтың құрбаны болудан қорқып, сайлау байланыстарын құра алады.

3. Агрессивті мінез-құлық: психологиялық зорлық-зомбылыққа ұшыраған кейбір жасөспірімдер алған жарақаттарына жауап ретінде агрессивті мінез-құлық көрсете бастайды. Бұл басқалармен қақтығыстарда, деструктивті әрекеттерде немесе тіпті суицид әрекеттерінде көрінуі мүмкін.

4. Оқу және мінез-құлық мәселелері: психологиялық зорлық-зомбылыққа байланысты жасөспірімдердің құрбандық мінез-құлық олардың оқу әрекет-



тері мен мектептегі мінез-құлқына да әсер етуі мүмкін. Олар шоғырлануда, ақпаратты есте сақтауда, мұғалімдермен және сыныптастарымен қарым-қатынаста қиындықтарға тап болуы мүмкін, бұл оқу үлгерімінің төмендеуіне және мектеп ортасында агрессивтіліктің жоғарылауына әкелуі мүмкін.

Қорытындылай келе, тұрмыстық зорлық-зомбылық-бұл зардап шеккендердің, әсіресе жасөспірімдердің физикалық және психикалық денсаулығына қатты әсер ететін күрделі әлеуметтік мәселе. Жасөспірімдер-бұл қоғамның болашағы, ал отбасылық зорлық-зомбылық балалардың физикалық және психикалық денсаулығына ұзақ мерзімді және ауқымды әсер етеді, тіпті олардың өмір бойы дамуына әсер етіп, виктимді мінез-құлықтың қалыптасуына әсер етуі мүмкін. Ал бұл мектептердегі буллинг мәселесінің құбанына айналдыратын басты фактордың бірі. Сонымен қатар, отбасындағы зорлық-зомбылық агрессивті мінез-құлықтың қалыптасуына, оқудағы және мансаптағы қиындықтарға әкелуі мүмкін, бұл жасөспірімдердің табысты және толыққанды даму мүмкіндігін азайтады. Бұл тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және осы мәселеге тап болған жасөспірімдерді қорғау мен қолдауды қамтамасыз ету үшін тәрбиелік іс-шаралар қабылдау қажеттілігін көрсетеді. Қоғам, мемлекет және кәсіби ұйымдардың назарын отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу, зардап шеккен отбасылар мен балаларға психологиялық және әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға аудару маңызды. Осындай кешенді тәсілмен ғана отбасындағы зорлық-зомбылықтың теріс салдарын азайтуға және өскелең ұрпақтың салауатты және үйлесімді дамуына жағдай жасауға болады.

### **Пайдаланған дереккөздер тізімі**

1. А.В. Мудрик, М.Г. Петрина. Социально-педагогическая виктимология как отрасль знания //Вестник ПСТГУ IV: Педагогика. Психология 2016. Вып. 1 (40). С. 38–45.
2. Вишневский К.В. Классификация виктимности // Теория и практика общественного развития. – 2014. – №2. – С.417–420.
3. Биктагирова Г.Ф., Валеева Р.А., Дроздикова-Зарипова А.Р., Калацкая Н.Н., Костюнина Н.Ю. Профилактика и коррекция виктимного поведения студенческой молодежи в Глобальной сети Интернет: теория, практика. - Казань: Издательство «Отечество», 2019. - 320 с.
4. Мудрик А.В. Социальная педагогика. 6-е изд., перераб. и доп. – М.: «Академия», 2007. – 224 с.
5. Ривман Д.В. Криминальная виктимология. – СПб.: Питер, 2002. - 304 с.
6. Руденский Е.В. Социально-психологическая виктимология личности как психотехническая система социальной терапии виктимной личности// Сибирский педагогический журнал. № 3 / 2013. – С.162-166.
7. Фоминых Е.С. Факторы и условия виктимизации личности в условиях транзитивного общества //Виктимология 3(13) / 2017, с. 52–56
8. К.Н. Аракелян, А.В. Шаболтас. Внутрисемейные факторы виктимизации личности //cyberleninka.ru/article/n/vnutrisemeynye-factory-viktimizatsii-lichnosti
9. Юрова К.И., Юров И.А. Психология виктимного поведения молодежи // Виктимология. – 2017. – 1(11) . – С. 23–26.

**ҒТАМР 15.41**  
**ӘӨЖ 37.013.42**

## **КИБЕРБУЛЛИНГ ҚАЗІРГІ ҚОҒАМНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕСІ РЕТІНДЕ**

**Түлегенова Бибикуль Нурлыбековна**  
**Кенжегалиева Айдана Женисовна**

[Bibigul.tulegenova.18@mail.ru](mailto:Bibigul.tulegenova.18@mail.ru)

[1.a.k@mail.ru](mailto:1.a.k@mail.ru)

Магистр, «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының  
оқытушысы, М.Өтемісов атындағы БҚУ, Орал қ., Қазақстан

**Аннотация.** Мақалада қазіргі қоғамның әлеуметтік қауіпті проблемасы-кибербуллинг қарастырылған. Құбылысты зерттеумен айналысатын отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектері ұсынылған. Әр түрлі авторлардың феноменінің анықтамалары, кибербуллингтің нақты қорқытудан (ақпараттық коммуникациялық технологиялар құралдары) айрықша ерекшеліктері қарастырылады. Құбылыстың заманауи түрлері ұсынылған және олардың көріну ерекшеліктері сипатталған. Кибербуллингтің көріністері оның барлық қатысушыларының психологиялық және физикалық денсаулығына өте жағымсыз әсер ететіні атап өтілді.

**Annotation.** The article discusses a socially dangerous problem of modern society-cyberbullying. The works of domestic and foreign researchers engaged in the study of the phenomenon are presented. The definitions of the phenomenon of various authors, the distinctive features of cyberbullying from real bullying (means of information and communication technologies) are considered. Modern types of the phenomenon are presented and the features of their manifestation are described. It is noted that the manifestations of cyberbullying have a very negative impact on the psychological and physical health of all its participants.

**Түйін сөздер:** кибербуллинг, буллинг, зорлық-зомбылық, девиантты мінез-құлық, агрессия.

**Keywords:** cyberbullying, bullying, violence, deviant behavior, aggression.

Бүгінгі таңда бүкіл әлемді елеңдетіп, қоғамның айықпас дертіне айналып отырған мәселелердің бірі – кибербуллинг. Буллинг (bullying) – ағылшын тілінен аударғанда, қорлау, қудалау, мазалау дегенді білдіреді. Буллинг жасаушы мұны күшпен де, сөзбен кемсіту арқылы да жасайды әрі бұл әрекетін жиі қайталауы мүмкін. Қоғамда «буллинг мектеп оқушылары арасында ғана болады» деген түсінік қалыптасқан. Шындығында, кез келген жастағы адам үйде, көшеде, жұмыста, оқу орнында, барлық жерде буллинг-